

## Көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Төрткөл ауыл округі әкімінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 25 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 5476 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Төрткөл ауыл округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Төрткөл ауылдық округіндегі атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Төрткөл ауылындағы атауы жоқ көшеге- А.Бөкейхан атауы;
- 2) Төрткөл ауылындағы атауы жоқ көшеге- Абылайхан атауы;
- 3) Төрткөл ауылындағы атауы жоқ көшеге- Атамұра атауы;
- 4) Көкарал ауылындағы атауы жоқ көшеге- Ш.Уәлиханов атауы;
- 5) Көкарал ауылындағы атауы жоқ көшеге- Бөгенбай батыр атауы;
- 6) Көкарал ауылындағы атауы жоқ көшеге- Астана атауы;
- 7) Қызылжар ауылындағы атауы жоқ көшеге- Қажымұқан атауы;
- 8) Ақсары ауылындағы атауы жоқ көшеге- Ә.Молдағұлова атауы;
- 9) Ақсары ауылындағы атауы жоқ көшеге- Райымбек батыр атауы.

2. "Төрткөл ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Ордабасы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Төрткөл ауыл округі әкімі аппаратының бас маман-заңгері Р.Әбдімажітұлына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төрткөл ауыл округінің әкімі*

*Ө. Мұхтархан*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК